

№1 әкімшілік жиналыс**Уақыты: 22 қыркүйек 2021 жыл**

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
№1 әкімшілік жиналыс Жүргізілу түрі: нұсқаулық			
1.	Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы (есеп)	Қыркүйек	Шаруашылық меңгерушісі
2.	Материалды-техникалық база жағдайы мен бөбекжайдағы мүліктерді түгендеу		Шаруашылық меңгерушісі
3.	Тәрбиеленушілердің болмау себептерін (ұзақ уақыт болмаған соң (демалыс, балабақшаға еркін бару) балалардың жағдайын және қабылдау кезінде медициналық анықтаманың болуын бақылауды қамтамасыз ету:		Медбике
4.	«Сыбайлас жемқорлық - ел дамуына тосқауыл»		Меңгеруші
5.	Тамақ ішу кезінде мәдени-гигиеналық машықтарға баулу жөніндегі бағдарламалық талаптарды меңгеру		Медбике
6.	Ағымдағы мәселелер.		Меңгеруші

Әкімшілік жиналыс хаттамасы №1

Уақыты: 22 қыркүйек 2021 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Жігерген» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Төрайымы: Омаркулова-меңгеруші

Хатшы:Марат А - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

- | | |
|---|-------------------------|
| 1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы (есеп) | Шаруашылық меңгерушісі- |
| 2. Материалды-техникалық база жағдайы мен бөбекжайдағы мүліктерді түгендеу | Шаруашылық меңгерушісі- |
| 3. Тәрбиеленушілердің болмау себептерін (ұзақ уақыт болмаған соң (демалыс, балабақшаға еркін бару) балалардың жағдайын және қабылдау кезінде медициналық анықтаманың болуын бақылауды қамтамасыз ету. | Медбике |
| 4. «Сыбайлас жемқорлық - ел дамуына тосқауыл» | Меңгеруші |
| 5. Тамақ ішу кезінде мәдени-гигиеналық машықтарға баулу жөніндегі бағдарламалық талаптарды меңгеру | Медбике |
| 6. Ағымдағы мәселелер. | Меңгеруші |

I ТЫҢДАЛДЫ: Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы.

СӨЙЛЕДІ: Шаруашылық меңгерушісі күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең екенін, барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталғанын айтты. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды.

Бөбекжайда қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабылып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Бөбекжайдағы жылу батареялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Қысқы маусымға дайындық жұмыстары қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Материалды-техникалық база жағдайы мен бөбекжайдағы мүліктерді түгендеу.

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі білім беру саласындағы материалдық-техникалық база-білім беру мекемесі жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті материалдық элементтердің жиынтығы. Оған балалар мен педагогтардың еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету үшін оқу қызметіне арналған білім беру мекемелеріне бекітілген барлық материалдық-заттай құралдар жатады. Мекеменің барлық материалдық-техникалық базасы оқу және өндірістік жабдықтар, мебельдер, кітапхана қоры және т. б. кіреді. Барлық топтарда дәретханадағы сантехникалық жабдықтарды жөндеу қажет. Қабылдау бөлмесі, топтардағы шамдар ауыстырылып, қайта қойылды. кіші тобында ойын залының қосымша есікті жөндеу, есіктің тұтқасы ауыстырылды. Ас үйдегі вентиляция жөнделіп, іске қосылды. Медициналық кабинеттің жабдықтары қажет: кушетка, тоңазытқыш, таразы, бой өлшегіш, емшара үстелдері, дәрі-дәрмектерді сақтауға арналған шкаф, құжаттарға арналған шкаф, жұмыс үстелі, окшаулағыштың жабдығы сантехникалық жабдықтары (қол жууға арналған раковина), шамдарды талапқа сай орнатылған, жөндеуді, ауыстыруды қажет етпейді. Окшаулау бөлмесінің қабырғасына медбикенің отыратын бөлмесіне қарсы санитариялық талаптарға сәйкес терезе қойылды. Коридордағы шатырдың төбесі смета құжаттары бойынша жасалып, жөнделді. Қоғамдық дәретхана таза, жинақы. Меңгеруші кабинеті және әдістемелік кабинетіндегі жиһаздар (үстел, құжаттарға арналған шкаф, сейф, оқу құралдарын, әдістемелік әдебиеттерді сақтауға арналған шкафтар) таза, жинақы. Топтардың серуендеу учаскелері таза, ешқандай үшкір заттармен балалардың ойнауына қауіпті ойыншықтар орнатылмаған. Бөбекжайда жеке спорт залының жоқтығы қиыншылық тудырады. Соған қарамастан педагогтар мен дене тәрбие нұсқаушысы балаларға барлық жағдайды жасап, ұйымдастырылған оқу қызметтері мен әртүрлі шараларды өткізуде. Дегенмен спорттық алаңның жабдықтары, топтардың серуендеу учаскелеріне арналған ойын жабдықтары (самокаттар, шаналар, шаңғылар, доптар) жеткіліксіз, сұраныс берілді,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Спорттық ойын құралдарына сұраныс жазу.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбиеленушілердің болмау себептерін (ұзақ уақыт болмаған соң (демалыс, балабақшаға еркін бару) балалардың жағдайын және қабылдау кезінде медициналық анықтаманың болуын бақылауды қамтамасыз ету.

СӨЙЛЕДІ: медбике қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты балалардың қауіпсіздігі бірінші орында тұр. Әр күні бөбекжайға келетін балаларды таңертең тексеріп, температурасын өлшеп қабылдап отырмыз. Бөбекжайға келмей қалған балалардың ата-аналарына хабарласып, келмеу себептерін дер кезінде анықталып, ауырған жағдайда дәрігердің анықтамасымен келу керектігі ескертіліп, айтылды,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Балалардың балабақшаға келіп-кетуі қатаң бақылауға алынсын.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: «Сыбайлас жемқорлық - ел дамуына тосқауыл»

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі. Жемқорлыққа бірлесіп қарсы тұру керек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз тапсырмасында «Адамдар әлі де жоғары оқу орындарында, колледждерде, тіпті мектептердегі сыбайлас жемқорлықты айтып, шағымданады. Жемқорлық азаматтарымыздың бойына сіңіп, тіпті, қоғамның қалыпты құбылысына айналып кетуі мүмкін. Басты мәселе – осы. Осы мәселелер бойынша қоғамдық бақылау тетігі жұмыс жасауға тиіс. Бұл шараға үкіметтік емес ұйымдарды тартқан жөн. Оларды нормативтік-құқықтық актілерді сараптау ісіне қатыстыру керек» - деді.

ҚР 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы №410-V Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларын орындау мақсатында педагогтардың лауазымдық міндеттеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ақша жинау, сыйлық алмау туралы бөлім енгізілді. Мектепке дейінгі мекемелерде Бізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен мектепте, білім беру мекемелерінде түрлі мақсаттарға ақша жинауға тыйым салу бойынша нақты қағидалар бекітілген. Осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге қатаң жаза қолданылады. Тіпті жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін.Біз ақша жинауға тыйым

салуға қатысты саясатты қатаң ұстанамыз. Қазіргі кезде түрлі мақсаттарға ойыншықтарға, шаруашылық заттарына (порошок, дәретхана қағазы, қағаз орамал), педагогтарға сыйлық алуға ақша жинауға тыйым салу бойынша нақты қағидалар бекітіліп, бұйрық шығарылған. Ол туралы барлық жиналыстарда айтылып жүр. Біз бөбекжайда ақша жинауға тыйым салуға қатысты саясатты қатаң ұстанамыз. Егер ата-аналардан ақша жинау туралы шағым түссе қатаң шара қолданамыз-деді.

V ТЫҢДАЛДЫ: Тамақ ішу кезінде мәдени-гигиеналық машықтарға баулу жөніндегі бағдарламалық талаптарды меңгеру.

СӨЙЛЕДІ: медбике мектепке дейінгі жас – бұл өмір бойы тазалыққа әдетті бекіту үшін ең жақсы кезең. Мектепке дейінгі бала барлық гигиеналық дағдыларды ойдағыдай меңгере алады, олардың маңыздылығын түсінеді және оларды дұрыс және тез жүйелі түрде орындауға үйренеді. Балалардың көпшілігі бес жасқа қарай өз бетінше жуына алады. Бұл дағдыларды қалыптастыру және бекіту үшін балаға көмектесу керек: жеңдерді домалатуға, қолды сабынмен жақсылап шаюға, сабынды жууға, қолын тек жеке сүлгімен сүртуге үйрету. Балаға бірнеше рет көрсету керек, үнемі сүлгі ілінуі керек. Егер басында ол жуынуға көп уақыт жұмсаса, баланы асықтырмаңыз. Егер қол жуу дағдысы осы жаста бекітілмеген болса, сізге көп жұмыс істеуге тура келеді.

Гигиеналық дағдыларды дамыту үшін ең бастысы - ересектердің үлгісі. Егер гимнастикалық жаттығулар жасап, содан кейін душ қабылдау керек болса, онда бала сондай жасайды (душ қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, балаларды таңертең белге дейін жууға үйрету керек). Балалар күнделікті қолдарын жуып, кешкі уақытта тістерді тазалауды әдетті меңгеруі керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: гигиеналық шараларды сақтау деңгейі қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші топтардағы жылу беру жұмыстары бақылауға алынып, қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты Алтын күз мерекесін әр топта өткізу, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстары уақытылы жүргізілу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Балалардың бөбекжайға қатысуы қатаң түрде бақылансын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

2. Күн тәртібінің орындалуы бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

3. Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапты тұлға бекітіліп, жұмыстар жоспарға сай жүргізілсін.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу.

Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы

Күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды. Биылғы оқу жылында бөбекжайымызда алдағы келе жатқан жылыту маусымына МДҰ-ның күзгі-қысқы кезеңге дайындығын бақылаудың, дайындықты бағалауға қажетті өлшем шарттарды анықтау мен құқықтық ресімдеудің тиімділігін арттыру мақсатында, ҚР БҒМ Білім беруді басқарудың аумақтық органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мыналарды әзірлеуді ұсынды:

- МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығы туралы қабылдау актілері негізінде білім берудің ведомстволық бағынысты ұйымдарының сәйкес актілері;
- дайындықты бағалаудың нақты өлшемшарттары;
- дайындықты тексерудің үлгілік актісі.

МДҰ-да болудың қауіпсіз жағдайлары – бұл өртке қарсы, санитариялық және техникалық нормалар мен ережелерге, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жағдайлар. МДҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әкімшілік қызметінің басты бағыттарына:

- өрт қауіпсіздігі;
- лаңкестікке қарсы қауіпсіздік;
- санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
- еңбекті қорғау.

Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқтауды ойластырып отырмыз.

Мынадай құжаттарды әзірлеу қажет:

- қауіпсіздік паспорты;
- қауіпсіздік жөніндегі шаралардың кешенді жоспары;
- өндірістік апат, зілзала және табиғат апаттарының қаупі туындаған кездегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары;
- тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді эвакуациялаудың қабатты жоспары;
- ТЖ туындағаны жайлы қызметкерлер мен келушілерді құлақтандырудың жергілікті жүйесі;
- табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның туындау қаупі кезіндегі әрекеттердің тәртібі туралы нұсқаулық;
- жаңа оқу жылына дайындық паспорты.

Бөбекжайда қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабылып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Бөбекжайдағы жылу батареялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын. Былтырғы оқу жылында жылу батереялары ауыстырылып, жаңартылғандықтан, биылғы оқу жылында ешқандай қиын мәселелер болмайды деп ойлаймын.

Материалды-техникалық база жағдайы мен бөбекжайдағы мүліктерді түгендеу

Білім беру саласындағы материалдық-техникалық база-білім беру мекемесі жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті материалдық элементтердің жиынтығы. Оған балалар мен педагогтардың Еңбек және тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету үшін оқу қызметіне арналған білім беру мекемелеріне бекітілген барлық материалдық-заттай құралдар жатады. Мекеменің барлық материалдық-техникалық базасы оқу және өндірістік жабдықтар, мебельдер, кітапхана қоры және т. б. кіреді. Балық топтарда дәретханадағы сантехникалық жабдықтарды жөндеу, аяқ жууға арналған тұғырықты, шаруашылық мүкәммалды жууға арналған тұғырықты орнату, жатын бөлмедегі және шешінетін шамдарды ауыстыру қажет. «Балбөбек» кіші тобында ойын залының қосымша есікті жөндеу, есіктің тұтқасын ауыстыру қажет. Ойын, әдістемелік жабдықтар, спорттық мүкәммал жеткіліксіз. Ас үйдегі винтиляцияны жөндеу қажет. Медициналық кабинеттің жабдықтары қажет: кушетка, тоңазытқыш, таразы, бой өлшегіш, емшара үстелдері, дәрі-дәрмектерді сақтауға арналған шкаф, құжаттарға арналған шкаф, жұмыс үстелі, оқшаулағыштың жабдығы сантехникалық жабдықтары (қол жууға арналған раковина), шамдарды талапқа сай онатылған, жөндеуді, ауыстыруды қажет етпейді. Коридордағы шатырдың төбесінен су ағады, әкімдікке смета құжаттарын жасап тапсырғанбыз, әлі ақша бөлінген жоқ. Қоғамдық дәретхана таза, жинақы. Директор кабинеті және әдістемелік кабинетіндегі жиһаздар (үстел, құжаттарға арналған шкаф, сейф, оқу құралдарын, әдістемелік әдебиеттерді сақтауға арналған шкафтар) таза, жинақы. Топтардың серуендеу учаскелері таза, ешқандай үшкір заттармен балалардың ойнауына қауіпті ойыншықтар орнатылмаған. Спорттық алаңның жабдықтары, топтардың серуендеу учаскелеріне арналған ойын жабдықтары (самокаттар, шаналар, шаңғылар, доптар) жеткіліксіз, сұраныс беру қажет.

Сыбайлас жемқорлық - ел дамуына тосқауыл

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі. Жемқорлыққа бірлесіп қарсы тұру керек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз тапсырмасында «Адамдар әлі де жоғары оқу орындарында, колледждерде, тіпті мектептердегі сыбайлас жемқорлықты айтып, шағымданады. Жемқорлық азаматтарымыздың бойына сіңіп, тіпті, қоғамның қалыпты құбылысына айналып кетуі мүмкін. Басты мәселе – осы. Осы мәселелер бойынша қоғамдық бақылау тетігі жұмыс жасауға тиіс. Бұл шараға үкіметтік емес ұйымдарды тартқан жөн. Оларды нормативтік-құқықтық актілерді сараптау ісіне қатыстыру керек» - деді.

ҚР 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы №410-V Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларын орындау мақсатында педагогтардың лауазымдық міндеттеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ақша жинау, сыйлық алмау туралы бөлім енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтау қажеттілігі, бөбекжайдағы бағынысты квазимемлекеттік сектор, яғни бөбекжайдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құру қажеттілігі туралы Абай ауданы білім бөлімінің хаты негізінде жауапты тұлға тағайындалып, лауазымлық міндеттеріне өзгерістер енгізілді. Бөбекжайда жауапты тұлға болып педагог-психолог Н.Иманбайқызы бекітілді. Педагог – психолог Н.Иманбайқызына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мынадай функциялары жүктелді:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
4. Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
5. ҚР Заңына сәйкес қызметкерлердің функцияларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы мәніне мониторинг жүргізу;
6. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау;
7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
9. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;
10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
11. Басшылықтың қарауына осы нұсқаулықта көзделген міндеттерге байланысты жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы басшылыққа алынып, жыл бойы жүзеге асырылады.

Бөбекжайда Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілеріні ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақтау үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтап, кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру үшін қызметкерлер арасында ақпараттық түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Бізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен мектепте, білім беру мекемелерінде түрлі мақсаттарға ақша жинауға тыйым салу бойынша нақты қағидалар бекітілген. Осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге қатаң жаза қолданылады. Тіпті жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін. Біз ақша жинауға тыйым салуға қатысты саясатты қатаң ұстанамыз. Қазіргі кезде түрлі мақсаттарға ойыншықтарға, шаруашылық заттарына (порошок, дәретхана қағазы, қағаз орамал), педагогтарға сыйлық алуға ақша жинауға тыйым салу бойынша нақты қағидалар бекітіліп, бұйрық шығарылған. Ол туралы барлық жиналыстарда айтылып жүр. Біз бөбекжайда ақша жинауға тыйым салуға қатысты саясатты қатаң ұстанамыз. Егер ата-аналардан ақша жинау туралы шағым түссе қатаң шара қолданамыз.

Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық машықтарға баулу жөніндегі бағдарламалық талаптарды меңгеру

Балаға мәдени-гигиеналық, дағдылар туралы не білу керек?

Мектепке дейінгі жас – бұл өмір бойы тазалыққа әдетті бекіту үшін ең жақсы кезең. Мектепке дейінгі бала барлық гигиеналық дағдыларды ойдағыдай меңгере алады, олардың маңыздылығын түсінеді және оларды дұрыс және тез жүйелі түрде орындауға үйренеді. Балалардың көпшілігі бес жасқа қарай өз бетінше жуына алады. Бұл дағдыларды қалыптастыру және бекіту үшін балаға көмектесу керек: жеңдерді домалатуға, қолды сабынмен жақсылап шаюға, сабынды жууға, қолын тек жеке сүлгімен сүртуге үйрету. Балаға бірнеше рет көрсету керек, үнемі сүлгі ілінуі керек. Егер басында ол жуынуға көп уақыт жұмсаса, баланы асықтырмаңыз. Егер қол жуу дағдысы осы жаста бекітілмеген болса, сізге көп жұмыс істеуге тура келеді.

Гигиеналық дағдыларды дамыту үшін ең бастысы - ересектердің үлгісі. Егер гимнастикалық жаттығулар жасап, содан кейін душ қабылдау керек болса, онда бала сондай жасайды (душ қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, балаларды таңертең белге дейін жууға үйрету керек). Балалар күнделікті қолдарын жуып, кешкі уақытта тістерді тазалауды әдетті меңгеруі керек. Мектепке дейінгі бала мұрын орамалын өз бетінше қолдана алады. Баланы жоғалған қол орамал үшін ұрыспаңыз.

Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың түрлі ойындар мен бақылауларда, өзіне-өзі қызмет көрсету және күрделі емес тапсырмаларды орындау бойынша еңбек процесінде жалпы пайдаланудағы ойыншықтар мен заттарға сыпайы қарау дағдыларын қалыптастыру қажет. Педагогтар мен ата-аналардың балаға тәрбиелік әсері біртұтас, тұрақты және дәйекті болуы тиіс. Балалар үшін қызықты формадағы іс-әрекеттерді, мінез-құлық тәсілдерін көрнекі көрсету және түсіндіру өте маңызды. Балалармен күнделікті қарым-қатынас тілектестік негізінде құрылуы тиіс. Ол балаларда эмоционалдық қайырымдылықты, жауап қайырымдылықты және оның негізінде негізделген басқа да көптеген сезімдерді – өмірге құштарлықты, туған-туыстарына бауырмалдықты, сыпайылықты тудырады.

Егер тәрбиеші балалардың іс-әрекетін, олардың танымдық мүдделерін белсендіретін болса, дұрыс ұйымдастырылған сабақ, ойын, әр түрлі өзіндік іс-әрекет тәрбиенің тиімді құралы болып табылады, бірақ мақсатты түрде оларға бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас құруға көмектеседі.

Мәдени-гигиеналық дағдылар - мінез-құлық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Бет қол, дене, шаш, киім, аяқ киімді тазалықта ұстау қажеттілігі тек гигиена талаптарымен ғана емес, сонымен қатар адами қарым-қатынас нормаларымен де негізделеді. Балалар осы ережелерді сақтауда айналасындағыларға құрмет көрсететінін, кез келген адамға лас қолмен жақындауға болмайтынын түсінуі тиіс. Педагогтар мен ата-аналар балалық

шақта үйренген, оның ішінде мәдени-гигиеналық дағдылардың кейінгі өмір бойы адамға үлкен пайда әкелетінін үнемі есте сақтауы тиіс.

Тамақ мәдениеті - гигиеналық дағдыларға жатады. Бірақ оның мағынасы физиологиялық қажеттіліктерді орындауда ғана емес. Оның этикалық аспектісі де бар – өйткені үстелдегі мінез-құлық жанында отырған адамдарға, сондай-ақ тамақ дайындаушыларға деген құрметке негізделеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалар белгілі бір ережелерді меңгеруі керек: тамақ кезінде үстелге шынтак қоюға болмайды; жабық ауызбен, асықпай, тамақты мұқият шайнап, нан және басқа да өнімдерге ұқыпты қарау керек; асхана аспаптарын дұрыс пайдалану керек. Тамақ мәдениетін меңгеру-мектепке дейінгі балалар үшін қиын іс, бірақ бұл дағдыларды қалыптастыру қажет, балалар тәбетті, ұқыпты жеуге қол жеткізу қажет.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеуде бірінші кезектегі маңызы бар мысал, сондықтан тәрбиеші еліктеуге маңызды және пәрменді мысал - оның сыртқы келбеті, іс-әрекеті мен пайымдауы, сыпайылық және әңгімелесудегі тыныш үні, қоршаған ортаға, ең алдымен балаларға әділ көзқарас.

№2 әкімшілік жиналыс**Уақыты: 26 қараша 2021 жыл**

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
№1 әкімшілік жиналыс Жүргізілу түрі: нұсқаулық			
1.	№1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы	Қараша	Меңгеруші
2.	Суық тиюдің алдын алу жұмыстары		Медбике
3.	Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру		Медбике, шаруашылық меңгерушісі
4.	Жертөлелердің санитарлық жағдайы, учаскелерді қардан тазарту.		Шаруашылық меңгерушісі
5.	Ағымдағы мәселелер		Меңгеруші

Әкімшілік жиналыс хаттамасы №2

Уақыты: 26 қараша 2021 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Жігерген» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Төрайымы: Омаркулова Г – меңгеруші

Хатшы: Пернебаева Г - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

- | | |
|--|---------------------------------|
| 1. №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы | Меңгеруші |
| 2. Суық тиюдің алдын алу жұмыстары | Медбике |
| 3. Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру | Медбике-Шаруашылық меңгерушісі- |
| 4. Жертөлелердің санитарлық жағдайы, учаскелерді қардан тазарту. | Шаруашылық меңгерушісі- |
| 5. Ағымдағы мәселелер. | Меңгеруші- |

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші- материалды-техникалық базаны толықтыру, бөбекжайдағы мүліктерді түгендеу бойынша тексеру-бақылау жұмыстары жүргізіліп, жиһаздарды күтіп ұстау, маркир жасау жөнінде ұсыныстар айтылды. Тәрбиеленушілердің болмау себептері анықталып, бөбекжайға қабылдау кезінде медициналық анықтама арқылы қабылдануда, сонымен бірге тамақ ішу кезінде мәдени-гигиеналық машықтарға баулу жөніндегі бағдарламалық талаптарды меңгеру бойынша педагогтармен қосымша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Суық тиюдің алдын алу жұмыстары

СӨЙЛЕДІ: медбике қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты балалардың қауіпсіздігі бірінші орында тұрғанын, балаларда жиі кездесетін бірқатар ауру түрлері бар екенін, олардың алдын алу шаралары оларды жұқтырмауға, ал уақтылы емдеу асқынулар мен ауыр салдарынан қашуға көмектесетінін айтты. «Балалар жиі ауырады» - деген сөзді көптеген ата-аналардан естиміз. Шынымен де солай ма? Бұл міндетті түрде өзекті болатындай қатып қалған қағида емес, әрқашан алдын алу шараларының бәрін орындап және ауруын дер кезінде емдеуге тырысу керек,- деп суық тиюдің алдын алу шараларына тоқталып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: суық тиюдің алдын алу бойынша ата-аналарға кеңес беру.

III ТЫҢДАЛДЫ: Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі жұмыс жоспарының негізінде «бақылау жүргізілді. Тәрбиешілерге осы үрдісті бақылауды бағалау картасы толтыруға ұсынылды. әлі қалыптасуда. Тәрбиешілер балалар ұжымымен жұмыс істеп, тамақтануды ұйымдастыру деңгейіне байланысты режимдік сәттерді ұйымдастыруда санитарлық нормалар мен талаптарды сақтайды. Тамақтану-баланың өсу, физикалық және нейробиологиялық даму процестерінің қалыпты ағымын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тамақтану сапасының нашарлауы балалар ағзасының қорғаныс және бейімделу механизмдерінің деңгейінің төмендеуіне, аллергиялық реакциялардың көбеюіне әкеледі және ас қорыту органдарының ауруларының өсуіне ықпал етеді. Сондықтан біздің балабақшадағы тамақтану сапасына көп көңіл бөлінеді,-деді.

СӨЙЛЕДІ: медбике мектепке дейінгі жас – бұл өмір бойы тазалыққа әдетті бекіту үшін ең жақсы кезең. Мектепке дейінгі бала барлық гигиеналық дағдыларды ойдағыдай меңгере алады, олардың маңыздылығын түсінеді және оларды дұрыс және тез жүйелі түрде орындауға үйренеді. Балалардың көпшілігі бес жасқа қарай өз бетінше жуына алады. Бұл дағдыларды қалыптастыру және бекіту үшін балаға көмектесу керек: жеңдерді домалатуға, қолды сабынмен жақсылап шаюға, сабынды жууға, қолын тек жеке сүлгімен сүртуге үйрету. Балаға бірнеше рет көрсету керек, үнемі сүлгі ілінуі керек. Егер басында ол жуынуға көп уақыт жұмсаса, баланы асықтырмаңыз. Егер қол жуу дағдысы осы жаста бекітілмеген болса, сізге көп жұмыс істеуге тура келеді.

Гигиеналық дағдыларды дамыту үшін ең бастысы - ересектердің үлгісі. Егер гимнастикалық жаттығулар жасап, содан кейін душ қабылдау керек болса, онда бала сондай жасайды (душ қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, балаларды таңертең белге дейін жууға үйрету керек). Балалар күнделікті қолдарын жуып, кешкі уақытта тістерді тазалауды әдетті меңгеруі керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Тамақтануды ұйымдастыру деңгейі қанағаттанарлық.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Жертөлелердің санитарлық жағдайы, учаскелерді қардан тазарту.

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі Б.Елеусизов балабақшаның барлық аумағын күтіп-ұстауды және жинауды ұйымдастыру бойынша жеке және заңды тұлғалар, олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, аумақты күтіп-ұстауды және тазалауды жүзеге асыруға міндетті. Биылғы жылы қардың көп жауғанынан балабақша айналасын қар басып қалғанын, соған қарамастан топ учаскелерін ата-аналар көмегімен, балабақша айналасын аула сыпырушы үздіксіз тазалап отырғанын айтты. Балабақша жертөлесі таза, құрғақ,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: жертөлелердің санитарлық жағдайы қанағаттанарлық.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 20-21С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты Тұңғыш президент күні мен Тәуелсіздік мерекелерін әр топта өткізу, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстары уақытылы жүргізілуі, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Балалардың денсаулығын сақтау бойынша уақытылы жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

2. Тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: медбике, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиеші көмекшілері

Жиналыс төрайымы:

Омаркулова Г

Суық тиюдің алдын алу жұмыстары

Қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты балалардың қауіпсіздігі бірінші орында тұр, балаларда жиі кездесетін бірқатар ауру түрлері бар. Олардың алдын алу шаралары оларды жұқтырмауға, ал уақтылы емдеу асқынулар мен ауыр салдарынан қашуға көмектеседі. «Балалар жиі ауырады» - деген сөзді көптеген ата-аналардан естиміз. Шынымен де солай ма? Бұл міндетті түрде өзекті болатындай қатып қалған қағида емес, егер сәби шағынан ата-ана баласының денсаулығына дұрыс көңіл бөлсе, әрқашан алдын алу аурудың алдын алу мүмкіндігі зор болады. Дегенмен, балабақшаларда балалар саны өте көп болғандықтан, сырқаттанған бала екінші, үшінші және с.с. балаларға жұқтыру мүмкіндігі жоғары болады. Сондықтан қандай аурулардың жиі кездесетінін білу керек, егер аурудан қашып құтыла алмаған жағдайда не істеу керектігін білу қажет.

Отит

Өзінің құрылысына қарай ересектерге қарағанда, балалар құлағы осы ауруды тез қабылдағыш болады. Негізінен суық тию аурулары кезінде пайда болады, құлағы қышиды, тамаққа тәбеті жоғалады, дене қызуы жоғарылайды.

Ангина

Ангинаның 2 түрі бар: суық тиюден және инфекциядан пайда болған. Екінші түрі өте қауіпті және антибиотиксіз емделуге болмайды. Симптомдары: тамақтың ауруы, дене қызуы, жұтынудың қиындығы.

Ларингит

Тамақтың қарлығы және жөтел – осы аурудың негізгі симптомдары. Себебі – вирустық инфекция, оны тек дәрігердің қатаң бақылауымен емдеу қажет.

Гайморит

Мұрыннан су ағу салдарынан пайда болады. Оның негізгі симптомдары: мұрыннан іріңді сұйықтықтың ағуы, бас ауруы. Сонымен қатар басты еңкейткенде, жөтелде ауырсыну ұлғая түседі. Мұрны бітіп, сөйлеудің өзі қиындайды. Егер оны дер кезінде емдеп жазбаса, созылмалы түріне ауысады.

Желшешек (ветрянка)

Денесіне бөртпелер шығып, ол өсіп, оның іші мөлдір сұйыққа толып, жарылады. Желшешекпен бала кезінде ауырып кеткені дұрыс екенін бәрі де біледі, себебі одан тез жазылуға болады. Бұл шынымен де солай, ауырған жағдайда тұрақты иммунитет қалыптасады, сондықтан қайталап ауыру мүмкін емес.

Көкжөтел (коклюш)

Ауа тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру. Ұстама тәрізді тырысулық жөтелмен байқалады. Бастапқы кезеңде бұл ауруды антибиотиктермен емдейді.

Қызылша (корь)

Бұл ауру жиі кездеспейді, себебі жоспарлы түрде екпе жасалады. Егер екпені уақытында алмаса ауыру мүмкіндігі жоғары болады. Симптомдары: дене қызуының бірден көтерілуі, ринит, жөтел. Содан кейін денесіне бөртпелер шығып, бірнеше аптадан кейін жазыла бастайды. Бұл аурудың қауіпті болу себебі, өкпе немесе қандай да бір басқа ағза қабынуы мүмкін.

Аурулардың алдын алу

Балалар ауруларының алдын алу шаралары өте көп. Егер соның барлығын пайдаланатын болса, онда балалардың денсаулығы мықты болатыны сөзсіз. Қазіргі уақытта балаларға екпе жасату төңірегінде, оның қауіпсіздігіне байланысты әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Дәрігерлердің пікірі бір жақты — екпені жасату қажет, оларды кең тараған және өте қауіпті түрлі ауруларға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыру үшін егеді. Сондықтан егер сіз кейбір ауруларды жұқтыру мүмкіндігінің алдын алғыңыз келсе, сөзсіз екпе жасатуыңыз қажет. Сонымен бірге аурудың алдын алудың бір түрі - гигиена. Дәретханадан кейін және ас қабылдар алдында баланы міндетті түрде қолын мұқият жууға дағдыландыру керек. Жемістер мен көкөністерді жеу алдында міндетті түрде жуу қажет. Сонымен қатар қалған тамақты мұқият дайындап, тек қайнаған су ішу керек. Дене шынықтыру және физикалық жаттығулар. Егер бала спортпен шұғылданатын болса, таза ауада ұзақ жүретін болса, онда жақсы физикалық даму әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсылықты жоғарылатады. Дұрыс режим және дәрумендерге бай дұрыс тамақтану. Төсек-орын, киім, ойыншық гигиенасы-олар да маңызды құраушылар. Егер қандай да бір себептермен ауруға шалдыққан болсаңыз, онда тез арада дәрігерге қаралыңыз, оның барлық нұсқауларын мұқият орындаңыз. Уақтылы жүргізілген ем — тез сауығудың және жақсы көңіл-күйдің кепілі.

Топтардағы тамақтануды ұйымдастыру

Топтарда балалардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша жұмыс тәрбиешінің басшылығымен жүзеге асырылады және тамақ дайындау, қабылдау кезінде қауіпсіздіктің алдын алу, балалардың тамақтануы кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі карантиндік талапқа сай топтарда тамақтану, топқа тамақ алу қатаң түрде директор бекіткен кесте бойынша жүзеге асырылады. Асхана бойынша кезекшілік кезінде еңбек дағдыларын қалыптастыру және тәуелсіздікке тәрбиелеу үшін тәрбиеші кезекшілер мен әр баланың жұмысын біріктіруі керек (мысалы: майлықтар кезекшілерді жинайды, ал балалар тақтайшаларды жинайды). Кіші топтарда өз бетімен тамақтану дағдысы қалыптаспаған балалар тамақтандырылып, көмек беріледі. Балабақшадағы тамақтану мәдениеті-қазіргі өмірде өте қажет. Балалар күннің көп бөлігін балабақшада өткізетіндіктен, тәрбиешілерге баланы пайдалы, дәмді, әдемі және ең бастысы ұқыпты тамақтануға үйрету міндеті жүктелген. Этика сабақтары ерте жастан басталады. Бала үстелде өзін дұрыс ұстауды ғана емес, сонымен қатар ас құралдарын дұрыс пайдалануды, ұқыпты және сыпайы болуды үйренеді. Әр топта өз ыдыстары бар. Балабақшадағы тамақтану мәдениетін қалыптастыру формалары әртүрлі. Солардың бірі-кезекшілік. Үстелдер бойынша кезекшілерге түрлі-түсті қалпақшалардан және алжапқыштардан тұратын нарядты нысан беріледі. Бұл киімдердің барлығы "кезекшінің бұрышында" сақталады. Балалар екінші кіші топтан, оқу жылының соңында кезекшілікті бастайды. Кезекші тәрбиеші көмекшісіне үстелді қоюға көмектеседі, майлықтар мен қасықтарды, нан салғыштарды қояды. Орта топта балалар кесте жасау дағдыларын бекітеді. Екінші жартыжылдықта міндеттер қосылады: күтушінің үстеліне алдын-ала қойылған тұздықтарды орналастырып, майлықтарды стақанға салады, тамақтанғаннан кейін нан ыдыстары мен майлықтары бар ыдыстарды алып қояды. Ересек және дайындық топтарында кезекшілер үстелді өз бетінше қойып, тамақтанғаннан кейін тазалай алады. Кезекшілердің міндетіне тек ыдыс-аяқтарды орналастыру ғана емес, мысалы, мата майлықтарын бүктеу де кіреді. Бұл сабақ қолдың ұсақ моторикасын дамытуға үлкен ықпал етеді.

Балабақшаның жылдық жоспарының негізінде «Жұлдыздар» кіші тобы, «Бәйшешек» ортаңғы, , «Балапан» ересек топтарында топтардағы тамақтануды ұйымдастыру деңгейіне жедел бақылау жүргізілді. Тәрбиешілерге осы үрдісті бақылауды бағалау картасы толтыруға ұсынылды. Онда тамақ ішу мәдениеті, үстел құралдарын пайдалана білу, киімдерін дұрыс жинастыра білу, қарым-қатынас дағдылары, топта өзін ұстау мәдениеті, жуынатын бөлмедегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру, сабынды, тарақты, сүлгі мен қол орамалды пайдалана білу, өзін-өзі бағалау және қатысу .

Тамақты шайнағанда ауызды жауып шайнау;

• Үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру;

Тәрбиешілерге жалпы ұсыныстар:

Баланың үстелде өзін ұстау мәдениетіне көңіл бөлу, сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу. Суық тию мұрынның ағуымен, бітуімен, түшкірудің пайда болуымен сипатталады. Сондай-ақ, тамақтың ауырсынуы, жөтел, бас ауруы немесе басқа симптомдар болуы мүмкін.

- Тамаққа «белсенді өсінділері» бар йогуртты тұтыныңыз. Пробиотиктер балалардағы суық тиюдің пайда болуының алдын алады.

Баланың күндізгі уақытының көп бөлігін өткізетін мектепке дейінгі ұйымда дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізеді. Сол себепті біздің балабақшада бірқатар принциптер сақталады:

- Толыққанды тамақтану рационын құру;
- Құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану;
- Тамақтану тәртібінің қатаң сақталуы;

- Тамақтану мәдениеті мен эстетикасының сақталу тәртібі, жас ерекшеліктеріне байланысты гигиеналық талаптарды сақтауға тәрбиелеу;
- Тамақты дайындау барысында технологиялық ережелердің қатаң сақталуын қадағалау, тамақтардың тазалығын және сақталу жолдарын қамтамасыздандыру;
- Ас бөлмесін күнделікті тәртіпке бақылау және басқару;

Тамақтану-баланың өсу, физикалық және нейропсихикалық даму процестерінің қалыпты ағымын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тамақтану сапасының нашарлауы балалар ағзасының қорғаныс және бейімделу механизмдерінің деңгейінің төмендеуіне, аллергиялық реакциялардың көбеюіне әкеледі және ас қорыту органдарының ауруларының өсуіне ықпал етеді. Сондықтан біздің балабақшадағы тамақтану сапасына көп көңіл бөлінеді.

Жертөлелердің санитарлық жағдайы, учаскелерді қардан тазарту.

Балабақшаның барлық аумағын күтіп-ұстауды және жинауды ұйымдастыру бойынша жеке және заңды тұлғалар, олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, аумақты күтіп-ұстауды және тазалауды жүзеге асыруға міндетті. Биылғы жылы қардың көп жауғанынан балабақша айналасын қар басып қалғанын, соған қарамастан топ учаскелерін ата-аналар көмегімен, балабақша айналасын аула сыпырушы Қ.Ербаев үздіксіз тазалап отырғанын айтты. Балабақша жертөлесі таза, құрғақ.

№3 әкімшілік жиналыс

Уақыты: 23 ақпан 2022 жыл

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
	№3 әкімшілік жиналыс		

1.	№2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы	Ақпан	Директор
2.	Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы		Шаруашылық меңгерушісі
3.	«Сырттай балабақша» жобасы жұмысының деңгейі Консультативтік пункт жұмысы		Әдіскер
4.	Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру		Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға
5.	Ағымдағы мәселелер		Директор

Әкімшілік жиналыс хаттамасы №3

Уақыты: 22 ақпан 2022 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Жігерген» бөбекжай-балабақаша МКҚК

Төрайымы: Омаркулова Г – меңгеруші

Хатшы: Пернебаева Г - тәрбиеші

КҮН ТӘРТІБІ:

- | | |
|---|--|
| 1. №2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы | Меңгеруші |
| 2. Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы | Шаруашылық меңгерушісі |
| 3. «Сырттай балабақша» жобасы жұмысының деңгейі (Консультативтік пункт жұмысы) | Әдіскер |
| 4. Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру | Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға |
| 5. Ағымдағы мәселелер | Меңгеруші |

І ТЫҢДАЛДЫ: №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Омаркулова Г өткен әкімшілік жиналысының шешімінің орындалысына тоқталып өтті. Тәрбиеленушілерді топтарда тамақтандыру, суық тиюдің алдын алу, балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары жоспарға сай санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып жүргізілуде, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі Н.Сарыбаева бөбекжай ауласының тазалық жұмыстарының жағдайы туралы тоқталды. Бөбекжай ауласы қардан тазаланып, айналадағы қарлар бөбекжай ауласынан сыртқа шығарылды. Топ учаскелері тазаланып, балалардың серуенге шығуына толық жағдай жасалынды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Бөбекжайдың ауласының тазалығы қанағаттанарлық.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Сырттай балабақша» жобасы жұмысының деңгейі

